

«Ақтобе облысының білім басқармасы Алға аудандық білім бөлімі» ММ
«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай – балабақшасы МКҚК

Тақырыбы:
«Тіл- біздің тірегіміз»
интеллектуалды сайыс

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Тіл-біздің тірегіміз» интеллектуалды сайыс

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар, қош келдіңіздер!

Біздің елімізде 130- дан астам ұлт өкілдері тұрады. Қазақстан экономикасы мықты, тәуелсіз, егеменді ел.Қазақстан әр тілде сөйлейтін халықтардың басын

біріктіріп отырған мемлекет.

Енді «Ойлы болсаң, озып көр» сайысын бастайық. Бұл ойын 4 кезеңнен тұрады.

Алдымен сіздердің жауаптарыңызды сараптау үшін әділқазылармен таныстырайық:

1. Балабақша менгерушісі: А.К.Ажигулова

2.Балабақша тәрбиеші: М.Х.Абдрахманова

Топтар өздерін таныстырады: I топ «Шырақ», II топ «Тапқырлар».

Бірінші кезең «Сөз тапқанға».Қазір сендер әріптер аласындар.Әр топқа сұрақ қойылады.Сұрақтың жауабы қолдарындағы әріптен басталуы керек.Жауап шапшаң болуы тиіс.

I топ сұрақтары. Ө,Қ, Т.

1. Бүгін қандай күн?

2.Сен қайда тұрасың?

3.Сенің сүйікті ақының?

II топ сұрақтары. Ә,Ғ, С.

1.Сенің калаң қандай?

2.Қандай құсты білесің?

3.Сенің сүйіп оқитын жазушың?

Екінші кезең «Білімпаздар» сөзі беріледі.Бұл сөзден 1 минутта бірнеше сөз құрау.

Үшінші кезең «Сен білесің бе?»Интербелсенді тақтада сандар жазылған торкөздердің астында сұрақтар жасырылған.Әр жауап 5 балмен есептеледі.

1. Қазақ тілтану ғылымының атасы кім?

2. «і» қандай дыбыс?

3.«Ұлан-байтақ» сөзінің синонимін тап.

1.Ғ.Айдаров қанша ғылыми еңбектер жазған?

2.«Отан» сөзінің синонимін тап.

3. «Ө»қандай дыбыс?

Төртінші кезең «Кім жылдам?» Әр топ басшысы берілген сөздерді қимылмен көрсету керек, ал жанкүйерлер бұл сөздерді дұрыс табуы тиіс.

I топқа берілген сөздер: жұлдыз, қайық, аю,ұшақ, айна, қоңырау, мысық, доп, сызғыш, гүл.

II топқа берілген сөздер: кітап, жаңбыр, себет, үзіліс, қоян, сурет, пойыз, сабақ, маймыл,қолшатыр.

Сөз кезегін әділ қазы алқасына береміз.Осымен сайысымыз аяқталды.

